

КӘСІБИ ДИСКУРСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Өтегалиева Инкэр Айтбайқызы

Inkaaitbaeva@mail.ru

7M01703 - Шетел тілдері және мәдениетаралық байланыс білім бағдарламасының 2 курс
магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессоры– **Хайржанова А.Х**

Дискурс - кәсіби қарым-қатынаста шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі. Кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мәселелері ерекше өзекті болып табылады. Ал, студенттерді дискурстың түрлерін, жанрларын, оларды құру ережелерін білуге, сонымен қатар коммуникациялық жағдайды ескере отырып, оларды құру және түсіну қабілетін дамытуға, әртүрлі салалардағы әлеуметтік-коммуникативтік мәселелерді шешу үшін қажетті және жеткілікті деңгейде шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін меңгеруге, қарым-қатынас кезіндегі мәдени және кәсіби қызметті бағыттау негізгі мақсат.

Дискурс студенттерге шет тілі мәдениетін тасымалдаушы ретінде әлемінің бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. «Дискурс» термині полисемиялық болып табылады және лингвистиканың, семиотиканың, философияның, психологияның, этнологияның, антропологияның және т.б. зерттеу пәні болып табылады. Авторлар дискурсты омонимдік мағынада қолданатын мәтін лингвистикасының полисемантикалық термині ретінде сипаттайды. Олардың ең маңыздылары: байланыстырылған мәтін; мәтіннің ауызша сөйлесу формасы; диалог; мағынасы жағынан бір-бірімен байланысқан сөйлемдер тобы; жазбаша немесе ауызша сөйлеу жұмысы. Дискурс теориясының авторы М.Л. Макаров сонымен қатар «дискурс» терминіне қатысты ұғымдар «мәтін», «сөйлеу» және «диалог» екенін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, сөйлеу мен мәтін дискурстың аспектілері болып табылады.

Шет тілінде қарым-қатынасты жүзеге асыруға дайындау мәселелеріне көптеген ғалымдар өз еңбектерін арнаған. Олар: педагогика ғылымдарының кандидаттары Бакурова Елена Николаевна шет тілін оқытуда мазмұнның аймақтық компонентін пайдалануды зерттеген, Ольга Юрьевна Левченко шет тілін кәсіби маңызды диалогтық қарым-қатынасты оқытудың бірлігі ретінде шынайы әлеуметтік байланыстарды қолданудың лингводидактикалық мақсаттылығын дәлелдеген, Ольга Рифкатовна Бондаренко ағылшын тілінде сөйлейтін адресатпен мәдениетаралық қарым-қатынасты оқыту әдістемесін әзірлеген, Юлия Владимировна Архипова оқушылардың сөйлеу-ойлау стратегияларын қалыптастыру әдістемесіне басымдық берген.

Сондай-ақ, Н.И. Алмазова, Т.Н. Астафурова, Н.Д. Галскова, Н.И. Гез, Е.С. Дикова, Г.В. Елизарова; С.Г.Тер-Минасова, В.П. Фурманова, И.И. Халеева т.б. ғалымдардың шет тілдерін оқытудағы мәдениетаралық көзқарас туралы, Н.Д. Арутюнова, Т.А. Ван Дейк, В.И.Карасик,М.Л.Макаров,В.Е.Чернявскаяның дискурстық зерттеулердің лингвистикалық концепциялары, Г.В.Эйгер, М.Н. Вятютнев, А.А. Залевская, Н.Ф. Коряковцева, А.В. Щепилованың білім беру және танымдық стратегиялар концепциялары, Н.Д.Гальскова, Е.С.Полат, И.В. Ягодковскаяның қазіргі заманғы оқыту әдістемесі саласындағы зерттеулері зерделенді.

Дегенмен, теория мен тәжірибеде ауызша қарым-қатынасқа арналған елтану дискурсын оқытудың тиімді әдістерінің қажеттілігі бірқатар қарама-қайшылықтарды тұжырымдауға мүмкіндік береді:

- дискурс теориясын зерттеу саласындағы тіл білімінің жетістіктері және студенттердің кәсіби дискурсты меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі;

- студенттер үшін ауызша шет тілінде кәсіби дискурс құруды оңтайландыратын стратегиялардың қажеттілігі және оны қалыптастыру әдістерінің жоқтығы, қойылатын талаптар деңгейінің сәйкес келмеуі;

- халықаралық деңгейде байланыс қызметін жүзеге асыру үшін жоғары білікті кадрларға қоғамның әлеуметтік тапсырысы және олардың шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігінің дамуының төмен деңгейі.

Осы қайшылықтарды шешу жолдарын іздестіру мақсатында зерттеу тақырыбы таңдалды.

Бакалаврды кәсіби даярлау студенттердің мәдениетаралық кәсіби кеңістікке енуіне мүмкіндік беретін шынайы дискурсты меңгеру стратегияларын қалыптастыруды қажет етеді. Бұл кәсіби маңызды мәтіннен алынған ақпарат негізінде дискурсты қалыптастырудың басым тәсілдері болып есептеледі.

Ол үшін шет тілін оқытуда студенттерге кәсіби бағдарланған ауызша сөйлеуді меңгеруде стратегияның үш түрін қалыптастыруға ерекше назар аударылуы маңызды. Олар: кәсіби дискурстың модификациясы, метакогнитивтік және риторикалық кәсіби дискурс.

Сондықтан, шет тілінде оқыту технологиясы негізінде дискурсты меңгеру стратегияларын қалыптастырудың тиімділігін және мәдениетаралық қарым-қатынастың жоғары сапалы деңгейін қамтамасыз ету көзделуі тиіс.

Шет тілін оқытуда инновациялық әдістер мен оқыту технологиялары болашақ жас мамандарды белсендіру құралы ретінде қолданылуы орынды. Мәселен, ғалым, бірнеше оқулықтың авторы Дмитрий Анатольевич Воронов модельдік тәсілдің қазіргі педагогика ғылымында таралуын айта отырып, мұндай тәсілдер барлық кезеңде белсенді қолдануға және пайдалануға әкеледі, деп атап көрсетеді [1].

Ғалым Ю.А. Попова педагогика ғылымында модельдер оқу-тәрбие процесін модельдеу оқыту әдісі ретінде модель, таным процесінде модельдеу қолданыс табады деп көрсетеді. [2].

Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігінде модель (француз тілінен *modèle*, латын тілінен *modulus* – өлшем, үлгі) кең мағынада объектінің немесе объектілер жүйесінің олардың «алмастырушысы» ретінде пайдаланылатын жеңілдетілген ойша немесе символдық бейнесі болып табылады. соның ішінде оқытуды білдіреді [3].

Студенттерге шет тілін оқыту барысында олардың болашақ кәсіби қызметі, оқу процесінде қолданылатын міндеттер шындықта туындайтын мәселелердің үлгілері, тапсырмалар мен жағдаяттардың үлгілік сипаты, меңгеруі қажет көптеген ұғымдар мұғаліммен қатар студентке де түсінікті болуы керек.

Шетел тілін оқыту әдістемесінде модельдеу анықтамасы жалпы ғылыми түсіндірумен сәйкес келеді, атап айтқанда: бар немесе жаңадан салынған объектілердің сипаттамаларын анықтау немесе нақтылау үшін олардың аналогтарын (модельдерін) пайдалана отырып, әртүрлі сипаттағы объектілерді зерттеу әдісі. Шет тілі сабақтарында мұндай қызметтің оңтайлы нұсқасын табу үшін оқу қызметінің әртүрлі аспектілері, сондай-ақ таңдалған оқыту әдісінің тұжырымдамасын жүзеге асыратын мұғалім мен студенттердің тәрбиелік іс-әрекеттерінің сипаты модельденеді.

Бұл болашақ мамандардың теориялық және практикалық дайындығына оң әсерін тигізеді, студенттерге кәсіби дайындықтың мақсаттарын ашуға мүмкіндік береді, жоғары ғылыми деңгейді қамтамасыз етуге жағдай туғызатын шығармашылық сипаты мен теориялық білім практикалық кәсіптік іс-әрекетке бейімдейді, студенттердің өзін-өзі дамыту мотивациясын қалыптастырады.

Студенттердің белсенді субъективтілігін, кәсіби ойлауын дамытуға жағдай жасау олардың кәсіби іс-әрекет дағдыларын қалыптастыра түседі. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Л.Г. Семушина оқу процесінде кәсіби іс-әрекетті модельдеу әрекет технологиясы бола отырып, оның оқыту мазмұнына және студенттердің нақты оқу іс-әрекетіне біртұтас кәсіптік дұрыс және толық түсінік және оқу үдерісінде кәсіби қызмет әдістерін толық меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай қызмет шартты түрде кәсіби сипатта болады, оқудан кәсіптікке ауысады және кәсіби қызметтің ең маңызды белгілерін ғана

көрсетеді [4].

Шет тілі сабақтарында осындай технологияны қолдану студенттерге сапа стандарттарына сәйкес кешенді елтану қызметін көрсетуге мүмкіндік беретін деңгейде шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін меңгеру мүмкіндігіне ие болатын жағдайларды жасауды қамтамасыз етеді. Бұл технология студенттерге болашақ мамандығы туралы тұтас білім алуға көмектеседі.

Ғылым докторы Ольга Юрьевна Левченко шет тіліндегі диалогтық қарым-қатынасты оқыту кезінде кәсіби қызметтің келесі белгілерін модельдеуді ұсынған. Олар: сфера, қызмет орны, қызметтің мазмұндық құрылымы, қатысушылардың функциялары, түрлері өзара әрекеттесулер [5].

Алайда, шет тіліндегі кәсіби іс-әрекетті модельдеу ең алдымен білім бағдарламалары талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Өйткені, жоғары кәсіптік білім берудің білім бағдарламасының талаптарына сәйкес болашақ жас маман келесі: жобалау, ұйымдастырушылық-басқару, сервистік және ғылыми-зерттеу кәсіби қызмет түрлерін орындауға дайын болуы керек. Олар ауызша сөйлеуді логикалық және анық құра білуі, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті болуы, шет тілінде ауызша сөйлеу қабілеті, шет тілдік ортада жұмыс істеуге дайындығы, ақпаратты алу, сақтау және өңдеудің негізгі әдістері мен құралдарын меңгеруі, тиімді қарым-қатынас жасауда қабілетті болуы маңызды.

Кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын анық, мәнерлі сөйлеу, шешендік қабілеттер, өз ойын сауатты жеткізе білу, сендіру сияқты коммуникациялық қабілеттер жетекші орынды алады деп нақтылайды академик Евгения Сергеевна Романова [6].

Әртүрлі мәдениеттерге жататын туристермен, шет ел қонақтарымен тиімді өзара түсіністікке қол жеткізуде болашақ жас мамандар мәдени білімі бар екенін, басқа мәдениет өкілдерінің менталитетін және өзінің ұлттық ерекшеліктерін түсіну қабілеті мен дайындығы, басқа мәдениет өкілдерінің құндылықтар жүйесін және өз мәдениетінің құндылықтар жүйесін білетінін көрсетуі және мәдени құндылықтарды анықтап, анықталған құндылықтар жүйесі бойынша коммуникацияны құру қабілеті жоғары болуы қажет. Бұл бағытта өзіндік ерекшеліктерге мән берілуі тиіс: елдің, қаланың көрікті жерлері, қонақ үйлер мен басқа объектілерге экскурсия, ақпараттық, демалыс пен ойын-сауық орталықтары т.б. Шет тілі сабақтарында осы бағыттағы әртүрлі жұмыстар түрлері олардың әркелкілігі мен вариативтілігін ескере отырып құрылуы керек.

Болашақ шет тілі кәсіби қызметінің келесі құрамдас бөлігі кәсіби қарым-қатынас жағдайлары болып табылады. А.А. Вербицкийдің пікірінше: «адамның немесе топтың ынталандырушы және делдалдық қызметі, оған кіретін адамдардың субъективті күйлерімен бірге объективті факторлардың, объективті жағдайлардың жиынтығы» [7].

Ал, Е.И. Пассов «жағдаят – қарым-қатынас субъектілерінің әлеуметтік-мәртебесінің, рөлінің, белсенділігінің және моральдық қатынастарының интегративті жүйесі ретінде өмір сүретін, олардың санасында бейнеленетін және ситуациялық факторлардың өзара әрекеттесуінің негізінде туындайтын қарым-қатынас процесінің қызмет етуінің әмбебап формасы. Студенттердің ұстанымдары өз кезегінде, ситуациялық позиция коммуникацияның объективті және субъективті компоненттерінің жиынтығы болып табылады, олар қарым-қатынас жасаушылардың қарым-қатынастарын тудыратын және өзекті ететін факторларды құрайды» - деп нақтылаған.[8].

Кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарында белгілі бір коммуникативтік ниеттерді жүзеге асыра отырып, студент монолог түрінде шет тілдік кәсіби дискурс жасайды. Ғалымдар қызмет көрсету сапасына барған сайын сезімтал тұтынушылардың қажеттіліктеріне жауап берудің икемді моделіне көшуді атап көрсетеді.

Сонымен, кәсіби қарым-қатынас жағдайында болашақ мамандар коммуникативті ниеттерін жүзеге асыра отырып, маман мен клиент арасындағы тікелей байланыс арқылы да, телефон арқылы сөйлесу кезінде де пайда болуы мүмкін кәсіби дискурсты жасайды және қабылдайды.

Шетел тілінде кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін болашақ маман шынайы кәсіби дискурсты және оның жанрлық сәйкестігін меңгеруі керек. Шетел тілінің кәсіби іс-әрекетінің құрылған моделі шетел тіліндегі кәсіби іс-әрекетке дайындау үлгісі ретінде білім беру үдерісінде жүзеге асырылуы тиіс.

Құзиреттілікке негізделген қызмет парадигмасы шеңберінде ерекше өзектілікке ие болатын білім беру үдерісіндегі шет тілінің кәсіби іс-әрекетінің жағдаяттарын модельдеу теориялық негізде жобалаудан және оқу үдерісінде жағдаяттар құрудан тұрады. Жеке тұлғаның абсолютті құндылығын жариялайтын тұлғалық-бағдарлы көзқарастың ережелеріне сүйенетін болсақ, ол студенттердің белгілі бір теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруіне ғана емес, сондай-ақ, өз бетінше еркін меңгеруге бағытталуына, кәсіби өзін-өзі дамытудың тұлғалық-шығармашылық, рефлексиялық-құндылық және мағыналық тетіктерін белсендіруіне, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауына және өз іс-әрекетін талдай білуіне байланысты. Ағылшын тілін оқыту контекстіндегі білім беру жағдаяттарының негізгі сипаттамалары кәсіби-бағдарланған мазмұндылық, нақтылық, эвристикалық, проблемалық бағыттарында маңызы жоғары болуы тиіс. Ең алдымен, іскерлік қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру функциясы өзекті болып табылады.

Профессор Н.И. Алмазова: «... іскерлік қарым-қатынас жағдаяттарын модельдеу, шетелдік мәдени іскер серіктестердің менталитетінің ерекшеліктеріне назар аудара отырып, өзін-өзі көрсету әдістері, білімге, құқыққа қатынасы, нақты қабылдаулар, этикет, бар әлеуметтік рөлдер, көзқарастар, құндылықтар, әдеттер, стереотиптер және т.б.» - деп тұжырымдаған[9].

Бұл болашақ маманның дербестігін дамытуға сөзсіз жол ашады. Ғалым Ирина Ефимовна Межуева болашақ маманға өз атынан әрекет етуге, шет тілдік кәсіби-бағдарлы қарым-қатынастың әртүрлі стратегиялары мен тактикасын меңгеруге нақты мүмкіндіктер берілуі керек деп көрсетеді. [10].

Сонымен, ғалымдардың ұстанымдарына сүйене отырып, шет тілдік кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарын оқу процесінде заман талабына сай жаңғырту маңызды деген қорытынды жасауға болады. Ол студенттердің ұтқырлығын және болашақ кәсіби қызметін өз бетінше орындауға дайындығын арттырады:

* студенттердің шет тілінде монологтық нысанда ауызша кәсіби дискурс құру мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек;

* шет тілі сабақтарында студенттерді сенімді, тәуелсіз дискурс құруды қамтамасыз ететін кәсіби таңбаланған стратегиялармен жабдықтау қажет.

Ғылыми әдебиеттерді талдау жоғары оқу орнындағы шет тілінде білім беруде кәсіптік қызметті модельдеу кең қолданыста екені байқатады, әсіресе интерактивті, белсенді оқыту әдістері, қарым-қатынасы аясында кәсіби дискурсты үйрету үшін іскерлік және қарым-қатынас тәжірибесін дамытуға мүмкіндік беретін рөлдік ойындар.

Тіл маманы, педагог, ғылым докторы, профессор В.П. Фурманованың пікірінше: «Аутентикалық мәтіндер мәдени шындықты тіл арқылы реконструкциялайды және шет тілінің мәдени контекстін жасауға ықпал етеді, ауызша және паравербалды түрде білдірілген басқа мәдениеттің мәдени ережелерінің, нормаларының және құндылықтарының жүйесін көрсетеді. Оқу процесіне кәсіби мәні бар шынайы мәтіндерді енгізу студенттердің оқытылатын тіл елінің мәдени ортасы туралы, басқа мәдениет өкілдерінің сөйлеу және сөйлемейтін мінез-құлықтары туралы білімдерін жинақтауға әкеледі, білімге ықпал етеді. олардың менталитеті мен құндылықтары, бұл, өз кезегінде, олардың өз мәдениетіңіз туралы көбірек білуіне мүмкіндік береді» [11].

Студенттердің болашақ кәсіби қызметі үшін қызығушылық тудырған тақырыптар мен фактілер бойынша қажетті материалды таңдауды және жинақтауды үйрену, қажетті ақпаратты алу және оны ауызша шет тілінде монологтық кәсіби дискурс құруда пайдалана білуі маңызды. Нақтырақ айтсақ, шет тілінің болашақ бакалаврларын дайындау кәсіби қызметтің типтік коммуникативтік жағдаяттарын рекреациялауды, рөлдік ойындарды

ұйымдастыруды және өткізуді, кәсіби маңызды мәтіндермен жұмысты ұйымдастыруды, студенттердің өзіндік жұмысы мазмұнындағы белсенділіктерін жетілдіруді қамтиды. Ендеше, студенттердің шет тіліндегі кәсіби іс-әрекеттерге еліктеуін және кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін оқытудың формалары мен әдістерін тиімді таңдау және қолдану күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Сонымен, ауызша шет тіліндегі дискурсты оқыту студенттердің ауызша мәтін құру қабілетін меңгеруге бағытталуы керек, оның тілдік параметрлері дискурстың экстралингвистикалық факторларын ескере отырып анықталады: жағдай, әлеуметтік рөлдер, статус, әңгімелесушілердің қарым-қатынасы, коммуникативті ниет және мәдени ерекшелігі. Осылайша, кәсіби салада шет тілін оқыту мәдени диалог аспектісінде қазіргі білім беру тұжырымдамасымен үйлеседі, өйткені дискурсты қалыптастыру үшін тек тілдік материалды ғана емес, сонымен қатар терең базалық білімді, этикет ережелерін және мәдениетті меңгеру қажет. Кәсіби қарым-қатынас мәдениеті студенттерді мәдениетаралық кәсіби байланыстарға қатысуға дайындауға және де экстралингвистикалық факторлар: әлеуметтік рөлдер, қарым-қатынас, коммуникативтілік, шетелдік мәдени құндылықтарды ескере отырып, кәсіби мәтіндер негізінде ауызша шет тілінің монологтық жанрларын құру процесін мүмкіндік береді. Ауызша дискурс, ауызша сөйлеу мәселесіне арналған лингвистикалық және әдістемелік еңбектерді зерттей отырып, ресей лингвисті, профессор. Ольга Викторовна Александрованың мына тұжырымы: «Ауызша дискурсты қалыптастыру және түсіну синхронды түрде жүзеге асырылады, сондықтан фрагментация құбылысы орын алады, яғни, интонациялық ауызша сөйлеу фонетикалық, интонациялық безендірілуімен, әуезділігімен, соның нәтижесінде эмоционалды экспрессивтілігімен ерекшеленеді» - дискурстың типтік белгілерін белгілеуге мүмкіндік берді.[12].

Кәсіби елтану мәселесін зерттеуде дискурсивтік әдіс таңдалып, мәтіндік материалды дискурсивтік тәсілге негіздеу көзделді. Мәтіндер елтану дискурсының құрамдас бөлігі ретінде экстралингвистикалық параметрлермен анықталатын әлеуметтік-лингвистикалық және мәдени белгілер арқылы кәсіби қарым-қатынасты, ақпаратты жеткізу арнасы болып табылады. Өйткені, бұл шет тілінде елтану дискурсын меңгеру стратегияларын жүзеге асыратын дағдыларды қалыптастыруы тиіс. Осы мақсатта шет елдердің танымал көрікті жерлері, туристік орындар туралы және басқа да мәтіндерді таңдадық және басқа елдердегі ағылшын тілді туристік топтармен жұмыс істеуге дайын болуы керектігі ескерілді.

Шет тілінде елтану дискурсын меңгерудің стратегияларын қалыптастыруда жүзеге асырылатын оқу процесінің технологиясы, ең алдымен, педагогикалық іс-әрекет объектісін, оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекетінің бірізді кезеңдерін сипаттауды және студенттердің дағдыларды меңгеру деңгейін көздейді. Мұндағы ерекшелік, дискурс жанрларын құру процесіне е праксеологиялық деректерді тарту қажеттілігінде, яғни университет студенттері арасында оқу іс-әрекетінің ұтымды стилін қалыптастыру технологиясының процессуалдық компонентін жасау кезінде праксеологияның қағидалары мен ережелеріне сүйену маңызды. Профессор Тарева Елена Генриховнаның анықтамасы: «Праксеология – еңбекті ұйымдастыру және кез келген қызметтің тиімділігі саласында адамзат жинақтағанның бәрін бір жүйеге синтездейтін ғылым» [13].

Педагогикалық праксеология мұғалімнің іс-әрекетін мақсатқа сай және ұтымды құрудың кәсіби іс-әрекетінің тиімділігі мен пайдалылығын, үлгілері мен шарттарын арттырудың ең жалпы принциптері мен жолдарын ашады, яғни ол әдістемелік нұсқау ретінде әрекет етуге қабілетті.

Елтану дискурсын меңгеруде студенттерге стратегия түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдылар кешенін дамыту қажет және басшылыққа алатын жаттығулардың белгілі бір түрлерімен қамтылуы тиіс. Мәселен, біз шет тілдерін оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы ғалым, академик Инесса Львовна Бимнің ұсынған жаттығулар типологиясын басшылыққа алдық:

- 1) оқу материалымен іс-әрекеттің әдісін жүзеге асыруда басшылық жасау;
- 2) қызметті жүзеге асыруға бағытталған: репродуктивті жіне шығармашылық қызмет;
- 3) бақылау және өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруға бағытталған бақылау [14].

Тақырыппен жұмыс жүргізу нәтижесіне тоқталатын болсақ, нақты келесі жұмыстар жүргізілді:

1. студенттердің тілдік дайындық деңгейін анықтау мақсатында топта оқу үдерісінің барысын бақыладық;
2. шетел тіліндегі ауызша монологтық сөйлеу жұмыстарын жасауда қолданатын стратегияларды анықтау үшін студенттерге сауалнама жүргіздік.

Сауалнама нәтижесінде студенттердің 57% мәтіндегі ақпаратты іздеу мақсатын анықтайтынын, ауызша сөйлеу жұмысын құруда коммуникативті ниетін жүзеге асыратынын, өз пікірін жоспарлағанын немесе өз бетінше айта алатынын көрсетті. 50% студенттер өз ойын анық, жүйелі және логикалық түрде жеткізуге ұмтылады, ауызша мәлімдемелерін көрнекі құралдармен сүйемелдей алады, дискурстың ауызша монологтық жанрын жасағаннан кейін қойылған мақсатқа жетудің табыстылығын талдау қабілеттері дамыған.

Алайда жекеленген студенттер коммуникацияның елтану сферасындағы мәтіндерде қолданылатын әсер ету әдістеріне жеткілікті назар аудармайды, адресатты ескере отырып, ауызша дискурс құру, ағылшын тіліндегі дискурстың ерекшеліктерін ескеру, тапсырманы орындауда зейін қоюды төмен.

Сауалнама нәтижесі бойынша студенттер үшін ақпараттық ауызша монологтық дискурсты қалыптастыру үдерісін оңтайландыратын білім беру саласындағы стратегияларды жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Осы мақсатқа сай студенттерге туристік дискурстың монологтық жанрларын құруды көздейтін бірқатар тапсырмалар ұсынылды:

Студенттерге монолог түрінде ағылшын тілінде елтану мақсатында туристік дискурстың ауызша жанрларын құруда, олардың білімі мен дағдыларын белсендіруге мүмкіндік беретін бағдарлау жаттығулары мен тапсырмаларын орындау және олардың мотивациялық көзқарастарын қолдау қарастырылды. Мысалы:

✓ **Match the tourism text types for the purpose of country studies with their definitions:**

- | | |
|------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| * leaflet | A. a written account that gives information about an undertaken trip |
| * brochure | B. an arrangement of pictures, words etc put in a public place or in a newspaper, on the Internet etc that is intended to persuade people to buy sth |
| * travelogue | C. a brief publication generally having a paper cover |
| * tourist guidebook | D. piece of writing that describes someone's experience while travelling |
| * advert (short for advertisement) | E. a small magazine or book with pictures and information about sth or advertisements for sth |
| * trip report | F. a printed sheet of paper, usually folded, that is provided free and gives information about sth |
| * review | G. a book about a city, country, or area |
| * pamphlet | H. an article in which someone gives their opinion of an undertaken trip |

✓ **Make a list of 10 nationalities of foreign visitors. Look at the menu given below. Write down types of food from the menu acceptable for them to eat.**

Мұндағы мақсат студенттердің алған білімдерін тереңдету, типтік жағдаяттарда бұрын алынған ақпаратты пайдалану арқылы шет тіліндегі елтану-туристік дискурсты меңгеру дағдыларын дамыту. Студенттер мәтіндегі кәсіби маңызды ақпаратты, кілт сөздерді, жоспар мен графикалық құралдарды пайдаланып, мәтіннің және оның жеке фрагменттерінің мағынасын қорытындылады. Лексика -грамматикалық парафразаны

жүзеге асыруда алынған ақпаратты салыстыру қабілеттерін көрсете білді. Өз қорытындыларын жасап, дискурсты жүйелі және логикалық түрде дамытуға атсалысты. Студенттердің ауызша монолог құру қабілеттері қалыптасты. Мәдениетаралық айырмашылықтардан туындаған қиындықтарды жеңуге және дискурстар арасындағы мәдени айырмашылықтарды білуде белсенділік танытты.

Студенттерге отандық және шетелдік мәдениеттерін салыстыру қабілетін дамытуда кәсіби дискурстың ерекшеліктеріне сай жаттығу мен тапсырмалар берілді:

Read part of a training manual for hotel employees. Write down the rules that are the same in your country.

Luxe Hotel.Training Manual About Cultural differences

ADDRESSING THE GUEST - Always address the guest as either Mr. or Ms. followed by his or her last name, or surname. If you don't know the guest's name, call him or her either "sir" or "ma'am".

GREETING - The most appropriate greeting in the workplace is a warm, genuine smile that is welcoming. It is important to be 'ourselves'. If we try to copy behaviour of a guest it may be misinterpreted and offence may be taken.

EYE CONTACT - Guests from North America, Europe and Australia: Make eye contact when speaking to visitors from these areas. This shows that you are paying attention to the speaker. Guests from Asia, Africa and South America avoid making eye contact - it is considered confrontational or disrespectful.

PERSONAL SPACE -Personal space is the area around an individual. Be careful not to violate your guest's personal space. Guests from Asia, Africa and South America do not expect a lot of personal space. However, guests from North America and Europe prefer at least half a meter of personal space. To ensure your guest's comfort, don't stand any closer than that.

APPOINTMENTS AND TIMELINESS - Part of the great service at the Luxe Hotel is our timeliness. If you make an appointment with a guest, make sure to be on time.

Research and report on a culture/ nationality. As a minimum, include in your report the following distinctive features and characteristics: forms of greeting, service expectations, distinctive behavioural patterns, food preferences. Compare the information you will find with that about your country.

Студенттерде туристік мәтіндердегі әсер ету және «безендіру» әдістерін ауызша сөйлеуде қолдану қабілеттері қалыптаса бастайды; адресатты есепке алу мүмкіндігі; құрылымдық дискурс; басқару, туристердің назарын ұстау. Біз жасаған нұсқауларды пайдалана отырып, студенттер дискурс жанрларын тудыруға жаттықты. Сабақ барысында олар кәсіби маңызы бар жанрларды жобалау және осы іс-әрекет барысында жадынамаға негізделген стратегияларды қолдану жұмыстарын ұйымдастыруға талпынды. Студенттер нұсқауларға болашақта сілтеме жасай алады. Студенттердің жұмысын ұйымдастыра отырып, оқыту, қолдану, бақылау әдістері, экскурсиялық әдіс қолданылды. Өйткені, стратегияларды қалыптастыру интеграция, көрнекілік, коммуникативті бағыт, әлеуметтік-мәдени бағдар, жаңашылдық принциптерін ескере отырып жүзеге асырылатыны сөзсіз.

Студенттердің алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларды пайдаланудағы өз бетінше тәжірибесі оларға шетел тіліндегі елтану дискурсын меңгеру стратегияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Студенттердің іс-әрекеті шығармашылық сипатқа ие және тақырыпқа, жоспарланған жанрға, кәсіби шет тіліндегі қарым-қатынас шарттарына сәйкес келетін кәсіби маңызды мәтіндерді өз бетінше таңдауды, стратегияларды пайдалана отырып, осы мәтіндер негізінде елтану-туристік дискурстың белгілі жанрларын құруды қамтиды. Бұл кезеңде экскурсиялық әдіс, жобалау әдісі жүзеге асырылды. Оқытушы кеңесші бола отырып, студенттің дербестігін дамытуға жағдай жасайды, олардың ынтасын, орындалатын іс-әрекетке қызығушылығын қамтамасыз етуі маңызды.

Студенттер өзін-өзі бағалау кезеңінде кәсіби бағыттылық, интеграциялық, көрнекілік, дербестік, коммуникативті бағдарлау, әлеуметтік-мәдени бағыттылық қағидаларын

басшылыққа ала отырып өзін-өзі бақылау, портфолио, жобалау әдістерін қолданды. Осы бағытта монологтық жанрларды құру үшін сауалнама, рөлдік ойындар, жоба бойынша жұмыс жүзеге асты. Сондай-ақ, жанр құру мақсатында мәтіндегі кәсіби маңызды ақпаратты бөліп көрсету және түйінді сөздерді, жоспарды, графикалық түрде бекітуді қалыптастыру және дамыту жаттығуларын жасауда студенттер белсенділік танытты. Мысалы:

Read the text “Lonely Planet’s Egypt”. Identify the key words of each paragraph of the text. Make up a plan to the text “Australia’s Green Cauldron: Enigmatic mix”.

- Read the text Tate Britain. Try to visualize what is in the story. Does the text come from:

- a. a newspaper?, b. a history book?, c. a tourist guidebook?

Fill in the blanks on the text map; supply the map with the illustrations based on the images you saw in your mind while reading the text.

Студенттер осыған орай келесі сұрақтарға жауап іздеп, анықтауы тиіс: Where? When? Today? Interesting facts? Whose works?

Сондай-ақ, студенттермен біз жүргізген жаттығулар топтамасы шет тіліндегі қажетті елтану дискурсын меңгеру стратегияларының бір бөлігі болып табылатын дағдыларды дамытуға бағытталды. Белгілі бір жанрдың құрылымдық, композициялық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып, қажетіне қарай елтану дискурсының ауызша жанрларын жасауда топпен жүргізілген жаттығулар мен тапсырмаларды атап көрсетсек:

- Мәтіннің композициялық құрылымын өзгерту және жалғауларды қолдану қабілетін дамыту тапсырмалары;

- Коммуникация сферасындағы мәтіндер негізінде монологтық форманың кәсіби маңызды жанрларын құру қабілетін дамытуға арналған жаттығулар;

- Мәтінді өзгерту стратегияларын жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға жүргізілген жаттығулар;

- Елтану мәтіндеріндегі әсер ету тәсілдерін ауызша сөйлеуде: эмоционалды лексика, сын есімдер, метафоралармен, салыстырулар, атақты тұлғалардың дәйексөздерін қолдану жаттығулары.

Алынған деректер бойынша студенттердің жартысынан көбінің шетел тіліндегі дискурсты меңгеру деңгейі қанағаттанарлық деп атап көрсетуге болады. Жүргізген зерттеудің нәтижесі шетел тіліндегі кәсіби мәтіндер негізінде ауызша шет тілінің дискурсын құруда көрсеткіштердің айтарлықтай жақсарғанын, елтану дискурсын меңгеру стратегияларын қалыптастырудың маңыздылығын және тиімділігін растады.

Шет тілін оқытуды белсендіру мақсатында студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетін оқу орындарында жан-жақты қалыптастыру қажет. Зерттеу жұмысында кәсіби қарым-қатынастың типтік коммуникативтік жағдаяттарын құруды теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық түрде түпнұсқа мәтіндер арқылы кәсіби дискурс құру жүзеге асырылды.

Ауызша монологтық дискурстың осы пәндік саладағы спецификалық сапалары бірізділік, тұтастық, толықтық, ақпараттық мазмұндылық, айқындық, мақсаттылық, композициялық безендіру және эмоционалды экспрессивтілік болып табылады. Шет тіліндегі дискурс ұлттық-мәдени ерекшеліктерге сәйкес келуі керек.

Зерттеу барысында кең ауқымды мәтін түрлері, журналдар, газеттер, веб-сайттардағы мақалалар, брошюралар, мәзірлер, нұсқаулықтар, әртүрлі карталар, жарнамалар қолданылып, жаттығулар мен тапсырмалар орындалды.

Негізгі кәсіби маңызды тәсіл - мәдениетаралық кәсіби қарым-қатынас жағдайында ауызша монологтық дискурсты қалыптастыру, ақпарат ағынын жеделдету қажеттілігін қанағаттандыруға көмектесетін кәсіби дискурсты өзгерту стратегияларын меңгеру.

Бұл шет тіліндегі дискурсты қалыптастыру процесін басқаруды қамтамасыз етеді және құрылған дискурстың тиімділігін жоспарлаумен, үйлестірумен, ұйымдастырумен және бағалаумен байланысты. Студенттердің шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орны студенттерінің шет тілді дискурсты меңгеруін

теориялық және эксперименттік негіздеу болды. Осы мақсатта шетел тілінде тиімді дискурсты меңгеру стратегиялары нақтыланды, шет тіліндегі елтану дискурсының лингводидактикалық статусы анықталды, практикалық тұрғыда негіздек жолдары жүзеге асырылды, дискурстың ағылшын тіліндегі ауызша жанрларын қалыптастыру үшін ақпараттық негіз ретінде мәтіндік материалды таңдау және дидактикалық жүйелеуге эксперименттік сынақ негізінде бағдар берілді. Алынған мәліметтерге сәйкес стратегияны қалыптастыру деңгейінің ең жоғары өсуіне ақпараттық мазмұн және мазмұндық дұрыстық, логикалық және жүйелілік критерийлері бойынша қол жеткізілді.

Жүргізілген зерттеу алынған мәселенің барлық аспектілерін қамтыды деп айта алмаймыз. Бұл ұсынылып отырған зерттеу қоғам қажеттілігімен туындап отыр. Оқу -тәрбие үрдісінде осындай күрделі және маңызды мәселені шешудің болашағы, біздің ойымызша, іскерлік дискурс құрудың тиімділігін қамтамасыз ету, қажетті ақпаратты шет тілінде дискурста жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды әзірлеу және арнайы зерттеуді жалғастыру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Воронов Д.А. Концептуальная модель формирования профессионально значимых личностных качеств курсантов в процессе обучения в вузах // Краснодарский государственный университет культуры и искусств. 2012. № 3. 88 с.
2. Попова Ю.А. Активизация учебно-познавательной деятельности студентов вуза средствами игрового моделирования. //Нижний Новгород, 2008.186 с.
3. Словарь терминов межкультурной коммуникации / под ред. М.Г. Лебедево и З.Г. Прошиной. // М.: ФЛИНТА : Наука, 2013. 632 с.
4. Семушина Л.Г. Содержание и технологии обучения в средних специальных учебных заведениях: учеб. пособие для преп. учреждений сред. проф. образования. //М.: Мастерство, 2001. 272 с.
5. Левченко О.Ю. Обучение иноязычному профессионально-значимому диалогическому общению на основе аутентичных социальных контактов (английский язык) // Чита: ЗИП СибУПК, 2007. 170 с.
6. Романова Е.С. 99 популярных профессий. Психологический анализ и профессио-граммы. 2-е изд. СПб.: Питер, 2004. 464 с.
7. Вербицкий А.А. Контекстно-компетентностный подход к модернизации образования // Высшее образование в России. 2010. № 5. 37 с.
8. Пассов Е.И. Содержание иноязычного образования как методическая категория // Иностранные языки в школе. 2007. № 6. 23 с.
9. Алмазова Н.И. Когнитивные аспекты формирования межкультурной компетентности при обучении иностранному языку // СПб., 2003. 446 с.
10. Межуева И.Е. Развитие творческой активности студентов в процессе моделирования иноязычной профессиональной деятельности будущего специалиста. //Тула, 2004. 24 с.
11. Фурманова В.П. Межкультурная коммуникация и культурно-языковая прагматика в теории и практике преподавания иностранных языков (языковой вуз) //Москва, 1994.475 с.
12. Александрова О.В. Актуальные проблемы лингвистики и лингводидактики иностранного языка делового и профессионального общения : сборник статей VIII Международной научной конференции. // М.: РУДН, 2018. 57 с.
13. Тарева Е.Г. Теоретические основы и педагогическая технология формирования рационального стиля учебной деятельности у студентов университета//Иркутск,2002.317с.
14. Бим И.Л. Концепция обучения второму иностранному языку (немецкому на базе английского): учеб. пособие. //Обнинск: Титул, 2001. 48 с.